

Жұрын ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 20 қарашадағы №12 "Жұрын ауылдық округіне қарасты Көбелей ауылының көшесіне атау беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округінің әкімі 2014 жылғы 05 желтоқсандағы № 25 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 желтоқсанда № 4114 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі №121-V «Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық Заңына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35-бабына сәйкес Жұрын ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жұрын ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 20 қарашадағы №12 «Жұрын ауылдық округіне қарасты Көбелей ауылының көшесіне атау беру туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3-9-75 тіркелген, 2008 жылғы 10 желтоқсанда аудандық «Мұғалжар» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің орыс тіліндегі атауы мен бүкіл мәтіні бойынша «аульного», «аула», «в ауле» сөздері тиісінше «сельского», «села», «в селе» сөздерімен ауыстырылсын;

шешімнің кіріспесіндегі «ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы №45 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы туралы» қаулысына» сөздері алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жұрын ауылдық округінің әкімі

Т.Абдірзақ